



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

12.10.2022 № 7 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның
2022 жылғы 12 қазандағы
қаулысы

Бюджеттік инвестициялық жобаларды
іске асыру шенберінде елорданың
салынып жатқан әлеуметтік объектілері
(білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет,
спорт, мемлекеттік тұрғын үй объектілері)
бойынша «Астана қаласының Құрылыш
басқармасы» ММ және инвестициялық
жобаларды іске асыру мәселесі бойынша
«Astana» ӘҚК» АҚ есебіне қатысты

Бланк сериялық номерінан жаралыс
Бланк без серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру шенберінде елорданың салынып жатқан әлеуметтік объектілері (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, мемлекеттік тұрғын үй объектілері) бойынша «Астана қаласының Құрылыш басқармасы» ММ және инвестициялық жобаларды іске асыру мәселесі бойынша «Astana» ӘҚК» АҚ есебін тыңдал және талқылай отырып, төмендегіні атап өтеді.

2022 жылды 22 400 оқушыға арналған екі ауысымда 10 мектептің құрылышы жүргізілуде, оның ішінде ағымдағы жылды 17 600 орындық екі ауысымда 7 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда. Бюджеттік-инвестициялық жобалар шенберінде - 9 600 орындық 5 мектеп. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шенберінде - 5 мектеп.

Сондай-ақ, мектептерге 4 жапсарлас құрылыш бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілді. Бұдан басқа, мемлекеттік сараптамадан өтіп жатқан екі жоба бар, олардың қорытындысы 2022 жылдың қарашасында шығады деп күтілуде.

Бүгінгі күні 6 денсаулық сақтау объектісі жобалануда, оның 5-і жобалау сатысында, 1 объект реконструкциялануда. Сондай-ақ медицина қызметкерлері үшін үш тұрғын үй объектісі жобалануда.

«Ильинка тұрғын алабының солтүстігінде, Есіл ауданында орналасқан «Бозок» Ұлттық паркінің құрылышы (1 кезек)» объектісі бойынша жобалау-іздестіру жұмыстары жүргізілуде.

Қажымұқан Мұнайтпасов атындағы орталық стадионның, «Железнодорожный» және «Үркер» тұрғын алаптарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылыштары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Казіргі уақытта 5 көппәтерлі тұрғын үй кешені (КТУК) (жалпы ауданы 139 мың шаршы метр 1743 пәтер) құрылышы жүргізілуде, 2022 жылы 2 КТУК (жалпы ауданы 18 мың шаршы метр 9344 пәтер) пайдалануға беру жоспарлануда.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ӘҚҚ қатысуымен жалпы құны 34 832 млн. теңге және ауданы 226 134 ш. м. болатын 7 тұрғын үй кешені пайдалануға берілді, оның 5 844-і ӘҚҚ-нің табысы болып табылады (оның ішінде 1 845 ш. м. – тұрғын алабы – 25 пәтер; 3 675 ш. м. - 27 коммерциялық үй-жай).

Отырыс барысында депутаттар ағымдағы жылдың маусым айында өздері аралаған мектептерге жапсарлас құрылыштардың нашар жай-күйін атап өтті.

Сондай-ақ, балабақшаларда алынатын төлем мөлшерінің айырмашылығы салдарынан мемлекеттік балабақшаларға кезек ұлғайып отыр, өйткені онда төлем азырақ. Мектепке дейінгі мекемелер мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары шенберінде салынып жатқанын ескере отырып, жеке және мемлекеттік балабақшаларда төлемді теңестіру жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Бұдан басқа, жаңа балабақшалар салуға қатысты сұрақтар бар, осыған байланысты Астана қаласында жаңа балабақшалар салу қажеттілігін қамтамасыз ету бойынша перспективалық жоспар ұсыну қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру шенберінде елорданың салынып жатқан әлеуметтік объектілері (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, мемлекеттік тұрғын үй объектілері) бойынша «Астана қаласының Құрылыш басқармасы» ММ және инвестициялық жобаларды іске асыру мәселесі бойынша «Astana» ӘҚҚ» АҚ есебі назарға алынын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

жүргізілген жөндеу жұмыстарын, ағымдағы жағдайды, жөндеудің аяқталу мерзімін көрсете отырып, Астана қаласының мектептеріне жапсарлас құрылыштарды жөндеу туралы толық ақпарат беру;

жеке және мемлекеттік балабақшаларда алынатын төлем құнын теңестіру жөнінде шаралар қабылдау;

Астана қаласында жаңа балабақшалар салу қажеттілігін қамтамасыз ету бойынша перспективалық жоспар әзірлеп енгізу;

нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамай орналастырылған объектілерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға тыйым салу үсынылсын.

3. «Astana» ӘҚК» АҚ:

даму перспективаларының жобасын және «Astana» ӘҚК» АҚ қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша үсыныстар беру;

мәслихатқа инвестициялық жобаларды іске асыру тетігі бойынша үсыныстар енгізу үсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде үсыну қамтамасыз етілсін.

**Астана қаласы мәслихатының
құрылыш, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**

Б. Котырев